

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс  
саласындағы мемлекеттік нормативтер  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**  
**ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ БАСШЫЛЫҚ ҚҰЖАТТАРЫ**

Государственные нормативы в области  
архитектуры, градостроительства и строительства  
**РУКОВОДЯЩИЙ ДОКУМЕНТ В СТРОИТЕЛЬСТВЕ**  
**РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ОЛАРДЫҢ ҚАЗАНДЫҚТАРЫН ТЫҒЫЗДАУДЫҢ**  
**НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ІРГЕТАСТАРДЫҢ**  
**КҮШ ТҮСЕТІН ҚАБІЛЕТТІЛІГІН (ҚТІ)**  
**БАҚЫЛАУ**

**КОНТРОЛЬ НЕСУЩЕЙ СПОСОБНОСТИ**  
**ФУНДАМЕНТОВ (ФВК) ПО РЕЗУЛЬТАТАМ**  
**ВЫТРАМБОВЫВАНИЯ ИХ КОТЛОВАНОВ**

**ҚБҚ ҚР 5.01-01-2013**  
**РДС РК 5.01-01-2013**

Ресми басылым  
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің  
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер  
ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального  
хозяйства и управления земельными ресурсами  
Министерства национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

## АЛҒЫ СӨЗ

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ
- 2. ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3. БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

## ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1. РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА»
- 2. ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3. УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

## МАЗМҰНЫ

	КІРІСПЕ.....	IV
1	ҚОЛДАНУ САЛАСЫ.....	1
2	НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	2
3	ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....	3
4	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	3
5	НЫҒЫЗДАЛҒАН ҚАЗАНДЫҚТАРДАҒЫ ІРГЕТАСТАРДЫҢ КҮШ ТҮСЕТІН ҚАБІЛЕТІН БАҚЫЛАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ТӘРТІБІ .....	4
5.1	Таптағыш тереңдігіне топырақ кедергісі бойынша күш түсетін қабілетін ҚТІ бақылау .....	4
5.2	Таптағыш соққылары энергиясының шығысы бойынша кеңейтілмеген табанды ҚТІ күш түсетін қабілетін бақылау .....	10
5.3	Таптағыштың соққылар энергиясының шығындары бойынша кеңейтілген табаны бар ҚТІ күш түсетін қабілетін бақылау ережелері.....	13
6	ЖОБАЛЫҚ КҮШ ТҮСЕТІН ҚАБІЛЕТІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕ ОТЫРЫП, НЫҒЫЗДАЛҒАН ҚАЗАНДЫҚТАРДАҒЫ ІРГЕТАСТАРҒА АРНАП ҚАЗАНДЫҚТАРДЫ ДАЙЫНДАУ .....	18
6.1	Жобалық күш түсетін қабілетін қамтамасыз ете отырып, кеңейтілмеген табанды ҚТІ арнап қазандықтарды дайындау .....	18
6.2	Жобалық күш түсетін қабілетін қамтамасыз ете отырып, кеңейтілген табанды ҚТІ арнап қазандықтарды дайындау .....	21
7	ЖҰМЫС САПАСЫН БАҚЫЛАУ.....	23
	А ҚОСЫМШАСЫ ( <i>міндетті</i> ) ҚТІ күш түсетін қабілетін анықтау параметрлерін тіркеу журналы.....	25
	Б ҚОСЫМШАСЫ ( <i>міндетті</i> ) Соққы жүктемесінің тұрақты қолданылу тәртібі кезіндегі қазандықтарды нығыздау үдерісінің параметрлерін тіркеу журналы .....	26
	В ҚОСЫМШАСЫ ( <i>міндетті</i> ) Соққы жүктемесінің баспалдақты-өсіре қолданылу тәртібі кезіндегі қазандықтарды нығыздау үдерісінің параметрлерін тіркеу журналы .....	27
	Г ҚОСЫМШАСЫ ( <i>міндетті</i> ) Соққы жүктемесінің тұрақты қолданылу тәртібі кезіндегі қазандықтарды нығыздау және олардың түбіне қатты материалдарды нығыздап еңгізу үдерісінің параметрлерін тіркеу журналы .....	28
	Д ҚОСЫМШАСЫ ( <i>міндетті</i> ) Соққы жүктемесінің баспалдақты-өсіре қолданылу тәртібі кезіндегі қазандықтарды нығыздау және олардың түбіне қатты материалдарды нығыздап еңгізу үдерісінің параметрлерін тіркеу журналы .....	29
	Е ҚОСЫМШАСЫ ( <i>міндетті</i> ) Соққы жүктемесінің аралас қолданылу тәртібі кезіндегі қазандықтарды нығыздау және олардың түбіне қатты материалдарды нығыздап еңгізу үдерісінің параметрлерін тіркеу журналы .....	30
	Библиография.....	31

**КІРІСПЕ**

Осы құрылыстағы басшылық құжаты сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерді дамыту мен нақтылау саласында Қазақстан Республикасының техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес әзірленді.

Осы басшылық құжатта берілген қағидаттар міндетті болып табылады, сонымен бірге жобалық күш түсетін қабілетін қамтамасыз ете отырып, ҚТІ арналған қазандықтарды дайындау ережелері мен тәртібін белгілейді.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ БАСШЫЛЫҚ  
ҚҰЖАТТАРЫ  
РУКОВОДЯЩИЕ ДОКУМЕНТЫ В СТРОИТЕЛЬСТВЕ РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН**

---

**ОЛАРДЫҢ ҚАЗАНДЫҚТАРЫН ТЫҒЫЗДАУДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ  
БОЙЫНША ІРГЕТАСТАРДЫҢ КҮШ ТҮСЕТІН ҚАБІЛЕТТІЛІГІН (ҚТІ)  
БАҚЫЛАУ**

---

**КОНТРОЛЬ НЕСУЩЕЙ СПОСОБНОСТИ ФУНДАМЕНТОВ (ФВК) ПО  
РЕЗУЛЬТАТАМ ВЫТРАМБОВЫВАНИЯ ИХ КОТЛОВАНОВ**

---

Еңгізілген күні 2015-07-01

## **1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ**

1.1 Осы құрылыстағы басшылық құжаты қазандықтарын тығыздау нәтижелері бойынша іргетастардың күш түсетін қабілетінің (ары қарай – ҚТІ) бақылауын ұымдастыру және атқару тәртібі мен ережелерін, сонымен бірге жобалық күш түсетін қабілетін қамтамасыз ете отырып, ҚТІ арналған қазандықтарды дайындау тәртібі мен ережелерін белгілейді.

1.2 Осы құрылыстағы басшылық құжаты жаңадан салынатын және қайта құралымданатын ғимараттар мен имараттарда қолданылатын ҚТІ таралады.

1.3 Бұл басшылық құжат:

- қазандықтарды нығыздау және соңынан ішіне топырақтарды немесе қатты материалдарды нығыздап енгізу арқылы пайда болатын топырақ алқаптарына;

- ірі кесекті, ылғалды, шайылмалы, ісінген, тұзды, көбіктенген, қатып қалған және биогенді топырақтардан және лайлардан құралған өңделген аймақтар мен алаңқайларда орналастырылатын ТҚІ;

- топырақтарды соққылап ығыстыру арқылы орналастырылатын іргетастарға, нақтырақ айтқанда, шпалды іргетастарға, қалпына берілген қазандықтарда, орларда және ложаларда, дайын ұңғымалардағы қадалар, қағылатын блоктар ж.т.б. [1-5] таралады.

## **2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

2.1 Осы құрылыстағы басшылық құжатын қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар керек:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 10-қарашадағы №1202 қаулысымен бекітілген «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16-қаңтардағы №14 қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті.

## ҚР ҚБҚ 5.01-01-2013

ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011 Геотехникалық жобалау. 1-бөлім. Жалпы ережелер.

ҚР ҚН EN 1997-2:2007/2011 Геотехникалық жобалау. 2-бөлім. Топырақты зерттеу және сынау.

ҚР ҚН 5.01-06-2002 Тапталған қазандықтардағы іргетастар. Есептеу және жобалау.

ҚР ҚН 5.01-07-2002 Тапталған қазандықтардағы іргетастар. Жұмыстарды өндіру және қабылдап алу ережелері.

ҚР ЕЖ 5.01-101-2013 Жер имараттары, іргелер мен іргетастар.

ҚР ЕЖ 5.01-105-2013 Тығыздалған қазандықтардағы іргетастар.

ҚР ЕЖ 1.03-106-2012 Құрылыстағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы.

МемСТ 12248-2010 Топырақтар. Физикалық сипаттамаларды зертханалық анықтау әдістері.

МемСТ 22733-2002 Топырақтар. Максималдық тығыздықты зертханалық анықтау әдісі.

МемСТ 20276-99 Топырақтар. Беріктік пен деформациялану сипаттамаларын далалық анықтау әдістері.

ЕСКЕРТПЕ Осы құрылыстағы басшылық құжатын пайдалану кезінде сілтемелі нормативтік құжаттардың және сыныптауыштардың жыл сайын жарық көретін «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар» атты ақпараттық анықтамалық бойынша ағымдағы жылғы жағдайға байланысты және ай сайын басылып шығатын, осы жылғы тиісті ақпараттық анықтамалық бойынша тексерген абзал. Егер сілтемелі құжат алмастырылса (өзгертілсе), онда осы нормаларды пайдаланған кезде алмастырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алған жөн. Егер сілтемелі нормативтік-техникалық құжат алмастырусыз тізімнен алып тасталынса, онда сілтеме жасалған ереже осы сілтемеге қатысы жоқ бөлігінде қолданылады.

### 3 ТЕРМИНДЕР МЕН АҢЫҚТАМАЛАР

Берілген басшылық құжатта тиісті анықтамасы бар терминдер қолданылады:

**3.1 Қатты материал:** Қазандық түбіне нығыздалатын малтатас, қиыршықтас, малтатасты-жұмыртасты қоспа, кірпіш сынықтары ж.т.б. түріндегі табиғи және жасанды материал.

**3.2 Шпалды іргетас:** Негізгі күш түсетін элементтері қызметін әрқайсысы топыраққа қағылу арқылы темір жол шпалдарынан тұратын қағу блоктары атқаратын іргетас.

**3.3 Кеңейтілген табан:** Түбіне қатты материалды нығыздау кезінде қазандықтың астыңғы жағында пайда болатын топырақ пен қатты материалдың тығыздалған қоспасынан құралған қабыршақ.

**3.4 Томалану кареткасы:** Катоктары бар каретка.

**3.5 Сырғанау кареткасы:** Шанағы бар каретка.

**3.6 Қондырғының бағыттауышы:** Таптағышты көтеріп түсіру үшін қондырғы кареткасы жылжитын қорапты көлденең қималы тік металл құралым.

**3.7 Соққы жүктемесінің қолданылу тәртібі:** Жиі графикалық түрде көрсетілетін, қазандық топырағына соққы жасау барысында таптағышты түсіру биіктігін өзгерту тәртібі.

**3.8 Соққы жүктемесінің тұрақты қолданылу тәртібі:** Қазандық топырағына таптағыш соққыларының тұрақты биіктіктен жасалуы.

**3.9 Соққы жүктемесінің баспалдақты-өсіре қолданылуының тәртібі:** Әр келесі соққы легі үшін қазандық топырағына таптағыш соққыларының түсіру биіктігін жоғарлату.

**3.10 Соққы жүктемесінің аралас қолданылу тәртібі:** Тұрақты және баспалдақты-өсіре тәртіптерінің араласып келетін соққы жүктемесінің қолданылу тәртібі.

**3.11 Биіктік қадамы:** Іргетасқа арнап қазандықты нығыздау кезіндегі таптағышты түсіру биіктігінің көтерілу қашықтығы.

**3.12 Соққы санының қадамы:** Іргетасқа арнап қазандықты нығыздау кезінде таптағыш соққыларының санының ұлғаюы жүзеге асырылатын таптағыш соққысының саны.

Осы басшылық құжатта 3.1-т. терминдерден бөлек Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарында [6-7] қабылданған құрылыстық терминология да қолданылады.

## 4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 ҚТІ түрі, қалпы, геометриялық параметрлері, орналастыру тереңдігі, жоспарда орналасуы және конструктивтік ерекшеліктері ҚР ҚН 5.01-06 талаптарына сәйкес болуы керек, ал оларды тұрғызу тәртібі, құрамы және кезектілігі – ҚР ҚН 5.01-07 талаптарына сәйкес болуы керек.

4.2 Таптағыштың қалпы, көлемі және энергетикалық параметрлері, сонымен бірге іргетастарға арналған қазандықтарды дайындауға қабылданған құрылғының базалық механизмі мен аспалы жабдығы ҚР ҚН 5.01-07 талаптарына сәйкес болуы керек.

4.3 ҚТІ күш түсетін қабілетін бақылауды ұйымдастыру мен атқару және жобалық күш түсетін қабілетін қамтамасыз ете отырып, олардың астына қазандықтарды дайындау кезінде ҚР ЕЖ 5.01-101, ҚР ҚН 5.01-07 және ҚР ЕЖ 5.01-105 құжаттарды, осы басшылық құжаттың ережелерін, сонымен бірге тиісті жұмыстарды атқару ережелерін белгілейтін басқа нормативтік құжаттардың ережелерін басшылыққа алу қажет.

4.4 Жобалық күш түсетін қабілетін қамтамасыз ете отырып, ҚТІ күш түсетін қабілетін бақылауды атқару және олардың астына қазандықтарды дайындау кезінде, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша іс-шаралар ҚР ЕЖ 1.03-106 ережелеріне сәйкес және «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыстық материалдар мен бұйымдардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар», «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенттерінің талаптарына сай атқарылуы керек.

4.5 Жобалық күш түсетін қабілетін қамтамасыз ете отырып, ҚТІ күш түсетін қабілетін бақылау және олардың астына қазандықтарды дайындау әр бөлек тұрған іргетасқа бөлек жасалады. ҚТІ басқа түрлеріне бұл іс-шаралар олардың барлық негізгі құрамдас элементтері үшін жүзеге асырылады.

4.6 Жобалық күш түсетін қабілетін қамтамасыз ете отырып, ҚТІ күш түсетін қабілетін бақылау және олардың астына қазандықтарды дайындау қолданыстағы құрылғыларды қолдана отырып, ғимараттар мен имараттардың іргетастарына арналған қазандықтарды өндірістік нығыздау барысында жүзеге асырылады.

## 5 НЫҒЫЗДАЛҒАН ҚАЗАНДЫҚТАРДАҒЫ ІРГЕТАСТАРДЫҢ КҮШ ТҮСЕТІН ҚАБІЛЕТІН БАҚЫЛАУ

### 5.1 Нығыздау тереңдігіне топырақ кедергісі бойынша ҚТІ күш түсетін қабілетін бақылау

5.1.1 Нығыздау тереңдігіне топырақ кедергісі бойынша ҚТІ күш түсетін қабілетін бақылау үшін, қазандықты нығыздап біткен соң, бастапқы деректер болатын мыналар:

- таптағыштың қалпы, көлемі және салмағы, және таптағышты түсіру қареткалары;
- қондырғы қареткаларының типі және томалану қареткалары катоктарының радиусы;
- қазандықты дайындау үдерісінің аяғындағы таптағышты түсіру биіктігі;
- қазандықты нығыздаудың жобалық тереңдігі;
- алаңқай топырақтарының түрлері, олардың қалыңдығы және өзара орналасуы;
- ҚТІ жобалық күш түсетін қабілеті.

Сонымен қатар топырақтардың түрлері мен олардың сипаттамалары МемСТ 12248 және МемСТ 20276 талаптарын ескеру арқылы белгіленеді. Топырақтардың сығылуына және жылжуына беріктік сипаттамаларын DIN 18136 және DIN 18137-3 талаптарына сәйкес анықтау керек. Топырақтың ылғалдығын пеште кептіру әдісімен DIN 18121-1 талаптарына сәйкес анықтауға рұқсат етіледі.

Топырақтар жайлы алғашқы мәліметтерді алу үшін, ҚР ҚН EN 1997-2:2007/2011 2.4.2.2-т. талаптарымен қарастырылған алдын ала салынған алаңның геологиялық кескінін қажет болған жағдайда қолдануға болады.

5.1.2 Қазандық түбінің тереңдеуі бойынша нығыздау соңындағы ҚТІ күш түсетін қабілетін бақылау келесі шартты тексеруге негізделеді:

$$F_{ds} \geq F_d, \quad (1)$$

мұнда  $F_{ds}$  - (1) формула бойынша анықталатын ҚТІ нақты күш түсетін қабілеті ,кН;

$F_d$  - ҚТІ жобалық күш түсетін қабілеті ,кН.

5.1.3 (1) шарт орындалған кезде, нығыздалған қазандықта орналастырылатын іргетастың күш түсетін қабілеті жобалық күш түсетін қабілетіне сәйкес келеді, не одан артық болады. Егер (1) шарт орындалмаса, онда келесі іс-шараларды жүзеге асыру қажет:

- кеңейтілмеген негізі бар ҚТІ үшін - қазандықты (1) шарт орындалатын тереңдікке дейін нығыздау;

- кеңейтілген негізі бар ҚТІ үшін – (1) шарт орындалатындай, қазандық түбіне қатты материалдың қосымша көлемін нығыздау. ҚТІ үшін қазандықты нығыздау тереңдігін ұлғайту мүмкіндігі болмаған кезде, қазандық түбіне топырақты немесе қатты материалды нығыздауға болады.

5.1.4 ҚТІ нақты күш түсетін қабілеті  $F_{ds}$  табан топырағының таптағыш тереңдеуіне динамикалық кедергі күшін ескере отырып  $F_{dgo}$ , мына формула бойынша есептеледі:



$$F_{ds} = F_{dgo} \Delta_{sd} / (1 - \zeta_1 F_{dgo}), \quad (2)$$

мұнда  $F_{dgo}$ - (3) формула арқылы анықталатын, соққы кезіндегі таптағыштың тереңдеуіне табан топырағының динамикалық кедергісінің күші  $F_{dgo}$ , кН;

$\Delta_{sd}, \zeta$  - 1- кесте бойынша қабылданатын еселеуіштер.

**1-кесте –  $\Delta_{sd}$  және  $\zeta$  еселеуіштері**

ҚТІ күш түсетін қабілеті $F_{ds}$	Еселеуіштердің мәндері	
	$\Delta_{sd}$ , 1/кН	$\zeta$
100 кН аспайтын	0,0033	0,052
100 кН астам	0,0002	0,3772

ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011 7.5.3-т. талаптарына сәйкес, құрылыс алаңының әр түрлі нүктелерінде нығыздалған қазандықтар үшін (2) формула арқылы анықталған күш түсетін қабілеттіліктің  $F_{ds}$  нақты мәндерін ҚТІ күш түсетін қабілеті бойынша алаңдың әртектілігін (ҚТІ күш түсетін қабілетінің жоғары және төмен мәнді алаң телімдерін анықтау үшін) бағалауға рұқсат етіледі.

5.1.5 Соққы кезіндегі таптағыштың тереңдеуіне табан топырағының динамикалық кедергісінің күші  $F_{dgo}$ , мына формула арқылы анықталады:

$$F_{dg} = k_p \{G(H' - h) - [F_f(H + s_p + h) + F_a H' + F_{u,a} s'_u + F_o s_u]\} / (s_o + 0,5s_u), \quad (3)$$

мұнда  $k_p$  - 0,8568 тең еселеуіш;

$G$  - таптағыштың және түсіру қареткасының салмағы, кН;

$H'$  - (4) формула арқылы анықталатын таптағышты түсіру биіктігі, м;

$h$  - (5) формула бойынша анықталатын таптағыштың қозғалуы, м;

$F_f$ - (6) немесе (7) формула бойынша томалану қарекасы үшін анықталатын қондырғының бағыттаушы бойымен қаретканың үйкеліс күші, кН;

$H$  - (8) формула бойынша анықталатын таптағышты түсіру биіктігі, м;

$s_p$  - таптағыштың соққысы кезіндегі топырақтағы таптағыштың толық қозғалу қашықтығы, м;

$F_a$  - (9) формула бойынша анықталатын қазандық қабырғаларының топырағына соққы толқынының түйісуіне дейінгі таптағыштың қимылына қарсы атмосфералық ауаның кедергі күші, кН;

$F_{u,a}$  - (10) немесе (11) формула бойынша анықталатын таптағыштың қазандық топырағымен соқтығысуы кезіндегі топырақ кедергісі мен атмосфералық ауаның жиынтық күші, кН;

$s'_u$  - таптағыштың төмен жылжуына қазандық қабырғалары топырағының серпімді

## ҚР ҚБҚ 5.01-01-2013

кедергісінің күші белгі беретін таптағыштың жылжу аясы, м;

$F_o$  - (12) формуламен анықталатын таптағыштың кері жылжуына кедергі болатын қазандық қабырғаларының серпімді сығу күші, кН;

$s_u$  - таптағыш соққысынан кейінгі қазандық табанындағы топырақтың серпімді жылжуы, м;

$s_o$  - таптағыштың соққысы кезіндегі топырақтағы таптағыштың қалдық жылжуы, м;

ҚР ҚН EN 1997-1:2004/2011 7.6.2.4-т. талаптарын ескере отырып табан топырағының динамикалық кедергісінің күші  $F_{dgo}$  тікелей құрылыс алаңында анықталады.

5.1.6 (3) формулаға кіретін  $H'$ ,  $h$ ,  $F_f$ ,  $H$ ,  $F_a$ ,  $F_{u,a}$  және  $F_o$  параметрлері мына формулалар негізінде анықталады:

$$H' = H - s'_u, \quad (4)$$

$$h = (h_o + s_u), \quad (5)$$

$$F_f = G(k + \mu \sin \alpha / r), \quad (6)$$

$$F_f = G(k' + \mu' \sin \alpha), \quad (7)$$

$$H = (H_f + d'_p), \quad (8)$$

$$F_a = k_a v, \quad (9)$$

$$F_{u,a} = G - F_f, \quad (10)$$

$$F_{u,a} = [H''(G - F_f - F_a) - F_f s'_u] / 0,5 s'_u, \quad (11)$$

$$F_o = N - G - F_f, \quad (12)$$

мұнда  $h_o$  - топыраққа соқтығысқаннан кейінгі қазандық табанынан қайта көтерілу биіктігі, м;

$k$  - таптағыш салмағынан қондырғы бағыттауышы бойымен каретка томалануының конструктивті үйкеліс күшінің үлесін анықтайтын еселеуіш, ол 0,03 тең;

$\mu$  - қондырғы бағыттауышы бойымен каретканың томалану үйкелісінің еселеуіші, ол 0,05 см тең;

$\alpha$  - қондырғы бағыттауышының вертикальға көлбеу бұрышы, градус;

$r$  - томалау кареткасы катоктарының радиусы, см;

$k'$  - таптағыш салмағынан қондырғы бағыттауышы бойымен каретка сырғанауының конструктивті үйкеліс күшінің үлесін анықтайтын еселеуіш, ол 0,07 тең;

$\mu'$  - қондырғы бағыттауышы бойымен каретканың сырғанау үйкелісінің еселеуіші, ол 0,09 см тең;

$H_f$  - түсіру нүктесінен қазандық бетіне дейінгі қашықтыққа тең таптағышты түсіру биіктігі, м;

$d'_p$  - таптағыш соққысына дейінгі қазандық тереңдігі, м.

$k_a$  - таптағыштың қалпына, көлеміне және бетінің күй-жайына байланысты және ауаның тұтқырлығының әсерін ескеретін еселеуіш, 0,003 кН·с/м тең;

$v$  - қазандық топырағымен соқтығысуға дейінгі таптағыштың орташа қозғалу жылдамдығы, м/с;

$H''$  - қазандық түбі мен таптағыш табанының арасындағы ауаның кедергісін және қазандық қабырғаларының серпімді кедергісін еңсеретін таптағышты түсіру биіктігі, м;

$N$  - таптағышты қазандық қабырғаларынан ажыратуға қажетті вертикальді суырып алу күші, кН.

5.1.7 (6) формула томалану кареткалары бар қондырғылар үшін қолданылады, ал (7) формула – сырғанау кареткалы қондырғылар үшін. (10) формула дайын қазандыққа таптағышты орнатқан кезде таптағыш табаны қазандық түбімен тығыз түйіскен жағдайларда қолданылады, ал егер ол орындалмаса, онда (12) формула қолданылады. (11) формуланы қолдану қажеттілігі кезінде, таптағышты түсіру биіктігін  $H''$  белгілеу бойынша жұмыстар атқарылады.

5.1.8 (3) формулаға кіретін  $s'_u$ ,  $s_p$ ,  $s_o$  және  $s_u$  таптағыштың қозғалыстары 1 және 2 суретте көрсетілген өлшемдер сұлбаларын қолдана отырып, (13)-(16) формулалар бойынша белгіленеді:

$$s'_u = d'_p - d_o, \quad (13)$$

$$s_p = h_1 - h_2, \quad (14)$$

$$s_o = (d''_p - d'_p), \quad (15)$$

$$s_u = s_p - s_o, \quad (16)$$

мұнда  $d'_p$  - (8) формуладағыдай қайталаңады;

$d_o$  - шаблон астына дейінгі қазандық тереңдігі (1-сурет), м;

$h_1$ ,  $h_2$  - таптағыштың соққысына дейінгі және соққысынан кейінгі маңдайшаның төменгі жағынан алаң бетіне дейінгі қашықтықтар, сәйкесінше (2- сурет), м;

$d''_p$  - таптағыш соққысынан кейінгі қазандық тереңдігі, м.

5.1.9 (1) шарт негізіндегі таптағыштың түсуіне топырақтың кедергісі бойынша ҚТІ күш түсетін қабілетін бақылау жобалық көлемдегі қазандыққа, оның дайындығы атқарылғандағы максимальды биіктіктен таптағышпен 3 соққы беру арқылы жүзеге асырылады. ҚР ҚН ЕН 1997-1:2004/2011 7.6.2.4-т. талабына сәйкес әр соққының энергиясы таптағыштың топырақта үлкен қалдық қозғалысын анықтауға жеткілікті болу керек (4-6 см астам).

Таптағыштың қазандыққа әр соққысының алдында келесі жұмыстар атқарылады:


а) 1- суретте берілген сұлбаға сәйкес, (13) формула бойынша таптағыштың қозғалысын  $s'_u$  анықтауға қажетті  $d'_p$  және  $d_o$  параметрлері анықталады;

б) 5.17 т. шарттарына сәйкес (10) және (11) формулаларын қолдану мүмкіндігі қарастырылады ;

в) (11) формуланы қолдану қажет болған жағдайда, тәжірибелік таңдау арқылы таптағышты түсіру биіктігі белгіленеді  $H''$  ;

г)  $H''$  биіктігінен таптағышты тастаған соң, қазандық қабырғаларынан таптағышты ажыратуға қажетті тік суырып алу күші анықталады;

д.) 2- суретте көрсетілген сұлбаға сәйкес, (14) формула бойынша таптағыштың қозғалысын  $s_p$  анықтауға қажетті  $h_1$  қашықтығы белгіленеді.



1 – қазандық; 2 – маңдайша; 3 – сызғыш; 4 – шаблон-сызғыш.

**1-сурет – Таптағыш қозғалысын анықтау сұлбасы  $s'_u$**

Таптағыштың қазандыққа әрбір соққысы кезінде топыраққа соқтығысқанға дейінгі таптағыштың орташа қозғалу жылдамдығы өлшенеді  $v$ . Таптағыш қозғалысының жылдамдығын өлшеу үшін, таптағыштың жоғарғы жағына бекітілетін жылдамдық датчигі қолданылады. Жылдамдық датчигін қолдану мүмкіндігі болмаған жағдайда таптағыш қозғалысының орташа жылдамдығы мына формула арқылы анықталады:

$$v = (H_f + d'_p) / t, \quad (17)$$


мұнда  $H_f$ ,  $d'_p$  - (8) формуладағыдай;

$t$  - түсіру нүктесінен топыраққа соқтығысқанға дейінгі таптағыштың қозғалу уақыты.

Таптағыштың қазандыққа әр соққысынан кейін, (5) формула бойынша  $h$  биіктігін анықтауға қажетті таптағыштың қазандық табанынан көтерілу биіктігі өлшенеді  $h_o$ .

2-суретте берілген сұлбаға сәйкес таптағыштың қазандыққа әр соққысынан кейін таптағыш қозғалысын анықтауға қажетті  $s_p$  және  $s_o$  (14) және (15) формулаларына сәйкесінше  $h_1$  және  $d''_p$  параметрлері белгіленеді.

Жұмыстар өлшенетін параметрлерді тіркеу журналын жүргізу және олардың орташа мәндерін А қосымшасына сәйкес есептеу арқылы жүргізіледі.



1 – қазандық; 2 – мандайша; 3 – сызғыш; 4 – түтік; 5 – істік (түтік ішінде қозғалатын); 6 – таптағыш; 7 – тіреу элементтері

**2-сурет – Таптағыш қозғалыстарын анықтау сұлбасы  $s_p$  және  $s_o$**

5.1.10 (1) шартты тексеру есептері келесі тәртіппен атқарылады:

-  $s'_u$ ,  $s_p$ ,  $s_o$ ,  $s_u$  және  $v$  параметрлері анықталады, сәйкесінше (13)-(17) формулалар бойынша;

-  $H'$ ,  $h$ ,  $F_f$ ,  $H$ ,  $F_a$ ,  $F_{u,a}$  және  $F_o$  параметрлері анықталады, сәйкесінше (4) және (12) формулалар бойынша;

- (3) формула бойынша соққы кезіндегі таптағыштың тереңдеуіне табан топырағының  $F_{dgo}$  динамикалық кедергісінің күші анықталады;

- (2) формула бойынша ҚТІ нақты күш түсетін қабілеті анықталады;

- (1) шарттың орындалуы тексеріледі, орындалмаған жағдайда 5.1.3- т. іс-шаралар жүзеге асырылады.

ҚТІ нақты күш түсетін қабілетін (2) формула арқылы анықтау кезінде есептерде табан топырағының таптағыштың тереңдеуіне шекті динамикалық кедергісінің күші қолданылады. Ол таптағыштың қазандыққа жасалған 3 соққының нәтижесі бойынша алынған минималдық күш болып  $F_{dgo}$  қабылданады.

**5.2 Таптағыш соққылары энергиясының шығысы бойынша кеңейтілмеген табанды ҚТІ күш түсетін қабілетін бақылау**

5.2.1 Қазандықты нығыздауға таптағыш соққылары энергиясының шығысы бойынша кеңейтілмеген табанды ҚТІ күш түсетін қабілетін бақылау үшін бастапқы деректер болатындар:

- таптағыштың қалпы, көлемі, салмағы және төмен түсіру қаретқалары;
- соққы жүктемесінің қолданылу тәртібі;
- дайын қазандықтың жобалық көлемі;
- алаң топырақтарының түрлері, олардың қалыңдығы және өзара орналасуы;
- ҚТІ жобалық күш түсетін қабілеті.

5.2.2 Қазандықты нығыздауға таптағыш соққылары энергиясының шығысы бойынша кеңейтілмеген табанды ҚТІ күш түсетін қабілетін бақылау келесі шартты тексеру болып саналады:

$$E_{f1} \geq E_{r1} \quad (18)$$

мұнда  $E_{f1}$  - (19) немесе (20) формула бойынша анықталатын, жобалық көлемді қазандықты нығыздауға жұмсалған таптағыштың толық, нақты соққылар энергиясы;

$E_{r1}$  - (21) формула бойынша анықталатын, жобалық күш түсетін қабілеті бар ҚТІ арнап қазандықтың нығыздалуы қамтамасыз етілетін таптағыш соққыларының толық есептік энергиясы  $F_{d1}$ .

5.2.3 (18) шарт орындалған кезде нығыздалған қазандықта орналастырылатын іргетастың күтілетін күш түсетін қабілеті жобалық күш түсетін қабілетіне тең болады немесе одан артық болады. Егер (18) шарт орындалмаса, онда қазандықты шарт орындалатындай тереңдікке дейін нығыздау керек. Қазандықтың нығыздалу тереңдігін ұлғайту мүмкіндігі болмаған жағдайда, қазандықтың түбіне топырақты немесе қатты материалды нығыздап еңгізуге болады. Қазандық түбіне топырақ материалын нығыздаған кезде, ҚТІ күш түсетін қабілетін бақылау 5.1-т. ережелеріне сәйкес, ал қатты материалды нығыздаған кезде, 5.1 немесе 5.3 ережелеріне сәйкес атқарылады.

5.2.4 Таптағыш соққыларының толық, нақты энергиясы  $E_{f1}$  (18) шартта іргетастарға арнап қазандықтарды нығыздау үшін қабылданған соққы жүктемесінің қолданылу тәртібіне байланысты анықталады. Соққы жүктемесінің оңтайлы қолдану тәртібі ҚР ҚН 5.01-07-2002 талаптарына сәйкес атқарылатын тәжірибе жұмыстарының нәтижелері негізінде белгіленеді.

5.2.5 Қазандық топырағы бойымен соққы жүктемесінің тұрақты қолдану тәртібі кезінде, (18) шарттағы таптағыш соққысының нақты энергиясы  $E_{f1}$  мына формула бойынша анықталады:

$$E_{f1} = G(N_{f1}H_{f1} + \sum d_{pi}), \quad (19)$$

мұнда  $G$  - (3) формуладағыдай;

$N_{f1}$  - жобалық тереңдігі бар қазандықты нығыздауға жұмсалған таптағыш соққыларының саны;

$H_{f1}$  - қазандықты нығыздау кезіндегі таптағышты түсіру биіктігі, м;

$d_{pi}$  - таптағыштың  $i$ -ші соққысы алдындағы қазандықтың нығыздалған тереңдігі, м.


Қазандық топырағына соққы жүктемесінің тұрақты қолданылу тәртібінің сұлбасы 3-суретте көрсетілген.

5.2.6 Жобалық күш түсетін қабілеті  $F_{d1}$  бар ҚТІ қазандықының нығыздалуы қамтамасыз етілетін (18) шарттағы таптағыш соққыларының толық есептік энергиясы  $E_{r1}$  мына формула арқылы анықталады:

$$E_{r1} = a_1(F_{d1} - b_1), \quad (21)$$

мұнда  $a_1, b_1$  - еселеуіштер, сәйкесінше 0,01667 МДж/кН және 225 кН;

$F_{d1}$  - жобада көрсетілген кеңейтілмеген табанды ҚТІ күш түсетін қабілеті, кН.



3-сурет – Соққы жүктемесінің тұрақты қолданылу сұлбасы

5.2.7 Қазандық топырағына соққы жүктемесінің баспалдақты-өсу тәртібімен қолданылуы жағдайында (18) шарттағы таптағыш соққыларының толық, нақты энергиясы  $E_{f1}$  мына формула бойынша анықталады:

$$E_{f1} = G \sum (H_{fi} + d_{pi}), \quad (20)$$

мұнда  $G, d_{pi}$  - (19) формуладағыдай;

$H_{fi}$  - таптағыштың  $i$ -ші соққысы кезіндегі таптағышты түсіру биіктігі, м.


Қазандық топырағына соққы жүктемесінің баспалдақты- өсе қолданылу тәртібінің сұлбасы 4-суретте көрсетілген.

5.2.8 (21) формуладағы кеңейтілмеген табанды ҚТІ жобалық күш түсетін қабілетін  $F_{d1}$  анықтау үшін, табан топырағының есептік кедергілерінің кестелік мәндерін қолдану кезінде мына формула бойынша нақтылауды қажет етеді:

$$F_{d1} = k_{uml} F'_{d1}, \quad (22)$$

мұнда  $k_{uml}$  - еселеуіш: құмды топырақ үшін - 1,05; сазды топырақ үшін - 1,0;

$F'_{d1}$  - ҚР ҚН 5.01-06 талаптарына сәйкес табан топырақтары кедергілерінің кестелік мәндері негізінде есептелген ҚТІ күш түсетін қабілеті.



**4 – сурет Соққы жүктемесінің баспалдақты- өсіре қолданылу тәртібінің сұлбасы**

5.2.9 (18) шарт орындалмаған жағдайдағы қазандықтың нығыздалатын тереңдігі  $\Delta d_{pt}$ , мына формула бойынша анықталады

$$\Delta d_{pt} = (E_{r1} - E_{f1}) / kF_{d1}, \quad (23)$$

мұнда  $E_{r1}$ ,  $E_{f1}$  - (18) шарттағыдай;

$F_{d1}$  - т(21) формуладағыдай;

$k$  - келесі формула бойынша анықталатын еселеуіш:

$$k = k_o + E_{r1} / c, \quad (24)$$

мұнда  $k_o$ ,  $c$  - еселеуіштер, 1,575 және 2,903 МДж сәйкесінше.

5.2.10 (18) шарт негізінде қазандықты нығыздауға таптағыш соққылар энергиясының шығыны бойынша кенейтілмеген табанды ҚТІ күш түсетін қабілетін бақылау келесі ретпен жүзеге асырылады:

а) ҚР ҚН 5.01-07 талаптарына сәйкес жобалық тереңдікке дейін қазандықты нығыздауға жұмсалған соққы санын есептей отырып, қазандық топырағына әр соққысы сайын таптағышты түсіру биіктігін тіркеп және әр соққыдан кейінгі нығыздалған қазандық тереңдігін өлшей отырып, қазандықты нығыздау жүзеге асырылады. Б және В қосымшаларына сәйкес рәсімделетін, қазандықтарды нығыздау үдерісінің өлшенетін параметрлерін тіркеу журналын жүргізу арқылы жүзеге асырылады;

б) 5.2.5 және 5.2.6-т. ережелеріне сәйкес қазандық топырағына соққы жүктемесінің қолданылу тәртібін ескере отырып, таптағыштың салмағы белгілі болған жағдайда, жобалық көлемдегі қазандықты нығыздауға жұмсалған толық, нақты энергия  $E_{f1}$  анықталады;

в) қажет болған жағдайда 5.2.8 т. ережелеріне сәйкес ҚТІ жобалық күш түсетін қабілетінің мәні нақтыланады  $F_{d1}$ ;



г) 5.2.7 т. талаптарына сәйкес жобалық күш түсетін қабілеті бар  $F_{d1}$  ҚТІ арнап қазандықтың нығыздалуы қамтамасыз етілетін таптағыш соққыларының толық есептік энергиясы есептеледі  $E_{r1}$  ;

д) (18) шарттың тексерілуі жүзеге асырылады;

е) (18) шарт орындалмаған жағдайда, 5.2.9 т. ережелеріне сәкес қазандық  $\Delta d_{pt}$  тереңдігіне дейін нығыздалады.

### 5.3 Таптағыштың соққылар энергиясының шығындары бойынша кеңейтілген табаны бар ҚТІ күш түсетін қабілетін бақылау

5.3.1 Қазандықты нығыздау және оның түбіне қатты материалдарды нығыздап еңгізуге таптағыштың соққылар энергиясының шығындары бойынша кеңейтілген табаны бар ҚТІ күш түсетін қабілетін бақылау үшін, бастапқы деректер қызметін 5.2.1 т. көрсетілген параметрлер атқарады, сонымен бірге қазандық түбіне нығыздалып еңгізілген қатты материалдың түрі мен көлемі.

5.3.2 Қазандықты нығыздау және оның түбіне қатты материалдарды нығыздап еңгізуге таптағыштың соққылар энергиясының шығындары бойынша кеңейтілген табаны бар ҚТІ күш түсетін қабілетін бақылау келесі шарттың орындалуынан тұрады:

$$E_{f2} \geq E_{r2}, \quad (25)$$

мұнда  $E_{f2}$  - (26) - (29) формулалар бойынша анықталатын, жобалық көлемді қазандықты нығыздауға және түбіне жобалық көлемді қатты материалдарды нығыздап еңгізуге жұмсалған таптағыштың толық, нақты соққылар энергиясы;

$E_{r2}$  - (30) формула бойынша анықталатын, жобалық күш түсетін қабілеті бар ҚТІ арнап қазандықтың нығыздалуы қамтамасыз етілетін таптағыш соққыларының толық есептік энергиясы  $F_{d2}$ .

5.3.3 (25) шарт орындалған кезде нығыздалған қазандықта орналастырылатын іргетастың күтілетін күш түсетін қабілеті жобалық күш түсетін қабілетіне тең болады немесе одан артық болады. Егер (25) шарт орындалмаса, шарт орындалатындай етіп қазандық түбіне қатты материалдың қосымша көлемін нығыздап еңгізу керек.

5.3.4 Таптағыш соққыларының толық, нақты энергиясы  $E_{f2}$  (25) шартта іргетастарға арнап қазандықтарды нығыздау үшін және түбіне қатты материалды нығыздап еңгізу үшін қабылданған соққы жүктемесінің қолданылу тәртібіне байланысты анықталады. Соққы жүктемесінің оңтайлы қолдану тәртібі ҚР ҚН 5.01-07 талаптарына сәйкес атқарылатын тәжірибе жұмыстарының нәтижелері негізінде белгіленеді.

5.3.5 Қазандықты нығыздауға, сондай-ақ оның түбіне қатты материалды нығыздап еңгізуге қазандық топырағы бойымен соққы жүктемесінің бірыңғай тұрақты қолданылу тәртібі кезінде, (25) шарттағы таптағыш соққысының нақты энергиясы  $E_{f2}$  мына формула бойынша анықталады:

$$E_{f2} = G[H_f(N_{f1} + N_{f2}) + (\sum d_{pi} + \sum d_{pj})], \quad (26)$$

мұнда  $G$  - (3) формуладағыдай;


$N_{f1}, d_{pi}$  - (19) формуладағыдай;

$H_f$  - қазандықты нығыздау және оның түбіне қатты материалды нығыздап еңгізу кезіндегі таптағышты түсіру биіктігі, м;

$N_{f2}$  - қазандық түбіне қатты материалдың жобалық көлемін нығыздауға жұмсалған таптағыш соққыларының саны;

$d_{pj}$  - қазандық түбіне қатты материалды нығыздап еңгізу кезіндегі таптағыштың  $j$  - ші соққысы алдындағы қазандықтың тереңдігі, м.

Қазандықты нығыздау үшін, сондай-ақ оның түбіне қатты материалды нығыздап еңгізу үшін қазандық топырағына соққы жүктемесінің бірыңғай тұрақты қолданылу тәртібінің сұлбасы 5-суретте көрсетілген.



а – қазандықты нығыздау; б – қатты материалды қазандық түбіне нығыздап еңгізу.

**5-сурет – Соққы жүктемесінің бірыңғай тұрақты қолданылу сұлбасы**

5.3.6 Қазандықты нығыздау үшін және оның түбіне қатты материалдарды нығыздап еңгізу үшін соққы жүктемесінің әр түрлі тұрақты қолданылу тәртіптерін қолданған кезде (6-сурет), (25) шарттағы таптағыштың толық, нақты энергиясы  $E_{f2}$  мына формула бойынша анықталады:

$$E_{f2} = G[(N_{f1}H_{f1} + \sum d_{pi}) + (N_{f2}H_{f2} + \sum d_{pj})], \quad (27)$$

мұнда  $G$  - (3) формуладағыдай;

$N_{f1}, H_{f1}, d_{pi}$  - (19) формуладағыдай;

$N_{f2}, d_{pj}$  - (26) формуладағыдай;

$H_{f2}$  - қазандық түбіне қатты материалды нығыздап еңгізу кезіндегі таптағышты түсіру биіктігі, м.

Қазандықты нығыздау үшін және оның түбіне қатты материалдарды нығыздап еңгізуге арналған соққы жүктемесінің әр түрлі тұрақты қолданылу тәртіптерінің сұлбасы 6- суретте көрсетілген.

5.3.7 Қазандықты нығыздау үшін және оның түбіне қатты материалдарды нығыздап

еңгізуге соққы жүктемесінің әр түрлі баспалдақты- өсіре арту қолданылу тәртіптерін қолданған кезде (7-сурет), (25) шарттағы таптағыштың толық, нақты энергиясы  $E_{f2}$  мына формула бойынша анықталады:

$$E_{f2} = G[\sum(H_{fi} + d_{pi}) + \sum(H_{fj} + d_{pj})], \quad (28)$$


мұнда  $G$  - (13) формуладағыдай;

$d_{pi}$  - (19) формуладағыдай;


$H_{fi}$  - (20) формуладағыдай;

$d_{pj}$  - (26) формуладағыдай;

$H_{fj}$  - қазандық түбіне қатты материалды нығыздап еңгізу кезіндегі таптағыштың  $j$ -ші соққысы алдындағы таптағышты түсіру биіктігі, м.



а – қазандықты нығыздау; б – қазандық түбіне қатты материалды нығыздап еңгізу  
**6-сурет – Соққы жүктемесінің әр түрлі тұрақты қолданылу тәртіптерінің сұлбасы**




а – қазандықты нығыздау; б – қазандық түбіне қатты материалды нығыздап еңгізу  
**7-сурет – Соққы жүктемесінің әр түрлі баспалдақты- өсіре арту қолданылу тәртіптерінің сұлбасы**

5.3.8 Қазандықты нығыздау үшін жүктеме қолданылуының тұрақты тәртібін, ал қазандық түбіне қатты материалдарды нығыздап еңгізуге жүктеменің баспалдақты-өсіре арту тәртібін қолданған кезде, (25) шарттағы таптағыштың толық, нақты энергиясы  $E_{f2}$  мына формула бойынша анықталады:

$$E_{f2} = G[(N_{f1}H_{f1} + \sum d_{pi}) + \sum (H_{fj} + d_{pj})], \quad (29)$$

мұнда  $G$  - (3) формуладағыдай;  
 $N_{f1}, H_{f1}, d_{pi}$  - (19) формуладағыдай;  
 $H_{fi}$  - (20) формуладағыдай;  
 $d_{pj}$  - (26) формуладағыдай.

Қазандыққа соққы жүктемесінің аралас қолданылу тәртібінің сұлбасы 8-суретте көрсетілген.



а – қазандықты нығыздау; б – қазандық түбіне қатты материалды нығыздап енгізу

**8 -сурет – Қазандыққа соққы жүктемесінің аралас қолданылу тәртібінің сұлбасы**

5.3.9 Жобалық күш түсетін қабілеті бар  $F_{d2}$  ҚТІ арнап қазандықтың дайындығы қамтамасыз етілетін, (25) шарттағы таптағыш соққыларының толық есептік энергиясы  $E_{r2}$  келесі формула арқылы анықталады:

$$E_{r2} = a_2(F_{d2} - b_2), \quad (30)$$

мұнда  $a_2, b_2$  - еселеуіштер, сәйкесінше 0,01316 МДж/кН және 70 кН тең;

$F_{d2}$  - жобада көрсетілген кеңейтілген табаны бар ҚТІ күш түсетін қабілеті, кН.

5.3.10 (30) формуладағы кеңейтілген табаны бар ҚТІ жобалық күш түсетін қабілеті  $F_{d2}$ , оны анықтау кезінде табан топырағы есептік кедергілерінің кестелік мәндерін пайдалану кезінде мына формула бойынша нақтылану керек:

$$F_{d2} = k_{un2} F'_{d2} \quad (31)$$

мұнда  $k_{un2}$  - еселеуіш: құмды топырақ үшін -1,05 тең; сазды топырақ үшін 2-кестедегідей;

$F'_{d2}$  - ҚР ҚН 5.01-06 талаптарына сәйкес топырақтар кедергілерінің кестелік мәндерінің негізінде есептелген ҚТІ күш түсетін қабілеті.

**2-кесте –  $k_{un2}$  еселеуіші**

Еселеуіш мәндері $k_{un2}$ , қазандық түбіне нығыздалған қиыршықтас көлемі, м <sup>3</sup>		
0,8	1,0	1,2
1,15	1,17	1,20

5.3.11 (25) шарт орындалмаған кездегі қазандық түбіне нығыздауға қажетті қосымша қатты материал көлемі мына шарт негізінде орындалады:

$$V_{sh} \geq V_o + [(E_{r2} - E_{f2}) / k_v], \quad (32)$$

мұндағы  $E_{r2}$ ,  $E_{f2}$  - (25) шарттағыдай;

$V_o$  - қазандық түбіне нығыздауға қажетті қатты материалдың минимальды көлемі, 0,48 м<sup>3</sup> тең

$k_v$  - 15,385 МДж/м<sup>3</sup> тең қабылданатын еселеуіш

5.3.12 (25) шарт негізінде қазандықты нығыздау және оның түбіне қатты материалды нығыздап еңгізуге таптағыш соққылары энергиясының шығыны бойынша кеңейтілген табанды ҚТІ күш түсетін қабілетін бақылау келесі ретпен жүзеге асырылады:

а) ҚР ҚН 5.01-07 талаптарына сәйкес жобалық көлемдегі қазандықтың нығыздалуы және оның түбіне қатты материалдардың нығыздалып еңгізілуі жобалық тереңдікке қазандықты дайындау үшін жұмсалған соққылар санын есептей отырып, қазандыққа жасалған әр соққы сайын түсіру биіктігін тіркей отырып және қазандық тереңдігін өлшей отырып жүзеге асырылады. Жұмыстар Г, Д, және Ж қосымшаларына сәйкес рәсімделетін қазандықты дайындау үдерісінің параметрлерін тіркеу журналын жүргізу арқылы атқарылады;

б) таптағыш салмағы белгілі болғандағы, 5.3.5-5.3.8-т. ережелеріне сәйкес қазандыққа соққы жүктемесінің қолданылу тәртібін ескере отырып, таптағыштың түбіне қатты материалды нығыздап еңгізе отырып, жобалық көлемді қазандықты нығыздауға жұмсалған толық, нақты энергия анықталады  $E_{f2}$ ;

в) қажетті жағдайда 5.3.10-т. ережелеріне сәйкес ҚТІ жобалық күш түсетін қабілетінің мәні нақтыланады  $F_{d2}$ ;

г) жобалық күш түсетін қабілеті  $F_{d2}$  бар ҚТІ арнап қазандық дайындығы қамтамасыз етілетін, 5.3.9-т. талаптарына сәйкес таптағыш соққыларының толық есептік энергиясы есептеледі  $E_{r2}$ ;

д) (25) шарттың тексерілуі жүзеге асырылады;

е) егер (25) шарт орындалмаса, (32) шартты қанағаттандыратын қазандық түбіне қатты материалдың қосымша көлемі  $V_{sh}$  нығыздалып еңгізіледі.

**6 ЖОБАЛЫҚ КҮШ ТҮСЕТІН ҚАБІЛЕТІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕ ОТЫРЫП,  
НЫҒЫЗДАЛҒАН ҚАЗАНДЫҚТАРДАҒЫ ІРГЕТАСТАРҒА АРНАП  
ҚАЗАНДЫҚТАРДЫ ДАЙЫНДАУ**

**6.1 Жобалық күш түсетін қабілетін қамтамасыз ете отырып, кеңейтілмеген табанды ҚТІ арнап қазандықтарды дайындау**

6.1.1 Жобалық күш түсетін қабілетін қамтамасыз ете отырып, кеңейтілмеген табанды ҚТІ арнап қазандықтарды дайындау үшін бастапқы деректер қызметін 5.2.1-т. көрсетілген параметрлер атқарады (қазандық түбіне соққы жүктемесінің қолданылу тәртібін есепке алмағанда).

6.1.2 Жобалық күш түсетін қабілетін қамтамасыз ете отырып, кеңейтілмеген табанды ҚТІ арнап қазандықтарды дайындау - қазандықты саны белгіленген таптағыш соққысы арқылы нығыздау. Сонымен бірге соққы жүктемесінің қолданылу тәртібі 6.1.3-т. ережелеріне сәйкес белгіленеді.

6.1.3 Қазандықтарды нығыздау соққы жүктемесінің тұрақты және баспалдақты-өсіре арту қолданылу тәртібі арқылы жүзеге асырылады, сұлбалары 3 және 4-суреттерде көрсетілген.

Соққы жүктемесінің тұрақты қолданылу тәртібі (3-сурет) мына жағдайларда қолданылады:

- ҚР ҚН 5.01-06 талаптарына сай терең орналастырылмайтын ҚТІ арнап қазандықтарын нығыздау кезінде;

- қазандықты нығыздау тереңдігі шеңберінде бір немесе одан астам топырақ түрлерінің тереңдігі бойынша тығыздығының азайып немесе сәл өзгере отырып орналасу кезінде.

Соққы жүктемесінің баспалдақты-өсіре қолданылу тәртібі (4-сурет) мына жағдайларда қолданылады:

- ҚР ҚН 5.01-06 талаптарына сай ұзартылған ҚТІ арнап қазандықтарын нығыздау кезінде;

